

**Университет құрылымдық бөлім басшыларының бос
лауазымдарына орналасу конкурсына қатысу үшін өткізетін құжаттар
тізімі:**

- 1) конкурстық комиссия төрағасының атына өтініш;
- 2) кадрларды есепке алу парағы;
- 3) өмірбаян;
- 4) жоғары білім, академиялық және ғылыми дәреже туралы дипломдар, ғылыми атағы туралы құжат және салыстыру үшін олардың түпнұсқалары;
- 5) жұмыс істеуге рұқсаты бар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жеке медициналық кітапшасы;
- 6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен бекітілген «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік қызмет стандарты 1-қосымшасына сәйкес конкурсқа қатысушының нысан бойынша есепте тіркелмегені туралы наркологиялық ұйымның анықтамасы (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Мемлекеттік тіркелімінде № 11304 болып тіркелген);
- 7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен бекітілген «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік қызмет стандарты 1-қосымшасына сәйкес конкурсқа қатысушының нысан бойынша есепте тіркелмегені туралы психоневрологиялық ұйымның анықтамасы (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Мемлекеттік тіркелімінде № 11304 болып тіркелген);
- 8) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті адамның қылмыстық әрекеттер жасау туралы берген жазбалары туралы ақпараттың болуы немесе болмауы туралы анықтама;
- 9) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің берген адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтері.

Конкурсқа қатысушы оның біліміне, кәсіби деңгейіне (ғылыми жұмыстар мен өнертабыстар тізімін, бұрынғы жұмыс орнының басшылығының ұсынымдары, марапаттар, қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттар көшірмелерін (болған жағдайда) және салыстыру үшін олардың түпнұсқаларын қосымша ақпарат ретінде беруге құқылы.